

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 1049 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар :

1) «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Алматы облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің «Қорғас» кедені» республикалық мемлекеттік мекемесі;

2) «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Жамбыл облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің «Қордай» кедені» республикалық мемлекеттік мекемесі таратылсын.

2. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 22, 205-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ережеде :

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің республикалық мемлекеттік мекемелерінің тізбесінде:

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі» деген 1-бөлімде: 56 және 92-тармақтар алып тасталсын.

3. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 тамыздағы № 965 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 52, 730-құжат) 3-тармағының күші жойылды деп танылсын.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К.Мәсімов*